«КЕЛІСІЛДІ»
Ақтөбе облысының
білім басқармасы
Мәртөк ауданының
білім бөлімінің басшысы

«28» 08 2025 ж

«БЕКІТІЛДІ»
№12 «Бәйтерек» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі:
Ә.Н.Бекжігітова

«01» 09 2025 ж

Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі №12 «Бәйтерек» бөбекжай – бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының 2025-2026 оқу жылының оқу жұмыс жоспары

Сарыжар ауылы – 2025 ж

Сканировано с CamScanner

ТҮСІНІК ХАТ

Оқу жоспарының мазмұны «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруда.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен ***(өзгеріс: 16.01.2025 жыл №7 бұйрығы)*** (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен ***(өзгеріс:14.10.2022 № 422 бұйрығы)*** бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2025 -2026 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды. Мектепке дейінгі оқытудың барлық жас ерекшелік сатысындағы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын әзірлеуге талаптарда белгіленген санитарлық – гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді .

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің бұйрығына 1-қосымша «30» шілде 2025 жыл № 194 білім беру ұйымдарындағы **«Адал азамат»** біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасында 2025 -2026 оқу жылында 3 топ жұмыс жасайды

Кіші топ (2 жастан бастап) -1топ

Ортанғы топ (3 жастан бастап) - 1 топ;

Ересек топ (4 жастан бастап) – 1 топ.

Оқыту және тәрбиелеу жұмыстары қазақ тілінде жүргізіледі. 2025- 2026 жыл оқу жоспары педагогикалық кеңесте қаралып(хаттама №1 28.08.2025 ж) бекітілді.

Вариативтік компонент: «Айголек» ортаңғы тобы «Ертегілер елінде» бағдарламасы аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағатқа арналған. Бағдарлама балалардың ортаңғы топ жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған.

Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Мақсаты:

- Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту.
- Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.
- Театрлық іс – әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

Сканировано с CamScanner

Міндеттері:

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын дамыту.
- Балаларды адамгершілікке баулу, нақты сөйлеуге, салмақты ой айтуға баулу.
- Баланың қиялын есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.
- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Театр, оның түрлері туралы түсініктері болады.
- Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды.
- Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіріледі.

Вариативтік компонент: «Гүлдер» ересек тобы «Ұлттық ойындар» бағдарламасы аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағатқа арналған. Бағдарлама балалардың ересек топ жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған.

Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Мақсаты:

Қазақтың ұлттық ойындары арқылы балаларды қазақтың салт –дәстүрі, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Ойынды ойнау барысында балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін ойын кезінде саусақ қол моторикасын дамыту. Қазақтың ұлттық ойындарын ойнай білуге тәрбиелеу

Міндеттері:

Қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-қозғалыс белсенділігін арттыру;қалыптастыратын дене жаттығуларының негізгі түрлерімен балаларды таныстыру;денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс әрекеттерімен дене жаттығуларының негізгі түрлерін балаларға меңгерту;қызығушылығын қалыптастырып дамыту;

Сканировано с CamScanner

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№557 бұйрығына
1-қосымша

Бекітемін:
№12 «Бәйтерек» б\б меңгерушісі:
КенжебековаЗ.Н.

2025 - 2026 оқу жылына арналған «Балапан» кіші тобының
ұйымдастырылған іс - әрекет

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Кіші топ
		(2 жасағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	Сейсенбі Сәрсенбі Жұма
	Дене тәрбиесі**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын
6	Музыка	Дүйсенбі
	Музыка ***	күн сайын
7	Арнайы түзету іс-әрекеті	күн сайын

Сканировано с CamScanner

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№557 бұйрығына
2-Қосымша

Бекітемін
№12 «Бәйтерек» бөбекжай – бақшасы
меңгеруші: Кенжебекова З.Н.

2025- 2026 оқу жылына арналған «Айгөлек» ортаңғы тобының ұйымдастырылған іс - әрекет

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Орта тобы (3 –жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі
	Дене тәрбиесі**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	Жұма
	Қазақ тілі ***	күн сайын
3	Математика негіздері	күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	Бейсенбі
	Вариативтік компанент	Сейсенбі
	Музыка ****	күн сайын
8	Арнайы түзету іс-әрекеті	күн сайын

Сканировано с CamScanner

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№557 бұйрығына
2-Қосымша

Бекітемін
№12 «Бәйтерек» бөбекжай – бақшасы
меңгеруші: Кенжебекова З.Н.

2025-2026 оқу жылына арналған «Гүлдер» ересек тобының ұйымдастырылған іс - әрекет

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ересек тобы
		(4жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі
	Дене тәрбиесі**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	Бейсенбі
	Қазақ тілі ***	күн сайын
3	Математика негіздері	күн сайын
4	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын
5	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру	күн сайын
7	Музыка	Дүйсенбі Жұма
	Вариативтік компанент	Сейсенбі
	Музыка ****	күн сайын
8	Арнайы түзету іс-әрекеті	күн сайын

Сканировано с CamScanner

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№557 бұйрығына
2-Қосымша

Бекітемін
№12 «Бәйтерек» бобекжай – бақшасы
меңгеруші: Кенжебекова З.Н.

2025-2026 оқу жылына арналған «Гүлдер» ересек тобының
арнайы түзетуші іс-әрекетті

***Арнайы түзетуші іс-әрекетті арнайы педагог (психолог) түзетуді қажет ететін балалармен
ғтальді, шағын топтарда немесе жеке жүргізеді.

хикалық дамуы тежелген балалар үшін

	Арнайы түзету іс-әрекеті *****	Ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	аптасына үш рет
1.1	Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту	аптасына екі рет
1.2	Сенсорика	аптасына бір рет
2	Түзету жұмысы*	аптасына бір рет

Сканировано с CamScanner